

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) шығару және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелері туралы"
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 26 ақпандағы N 10 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резервтер комитеті мемлекеттік мекемесі Төрағасының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 37 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 26 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3584. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы 22 шілдедегі N 128 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2008.07.22. N 128 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Заңының 13-бабы 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) шығару және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 26 ақпандағы N 10 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін N 1456 тіркелген, " Юридическая газета" N 21 2001 ж. 30 сәуірде жарияланған, "Қазақстан Республикасы орталық атқару және басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетені" N 23, 2002 ж. 410-бап (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 1861 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 24 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 2868 тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 11 мамырдағы N 40 бұйрығымен енгізілген толықтырулар)", келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын (жаңарту, алмастыру және

броньнан шығару тәртібімен) шығару және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелеріндегі:

4 - т а р м а қ т ы ң :

2) тармақшасындағы "Агенттігімен" деген сөзі "Комитетімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" сөздерімен ауыстырылсын;

17-тармақ келесі мағынадағы абзацпен толықтырылсын:

"Конкурстық өтінімді үміткер нөмірленген парақтармен және соңғы беті оның қолымен, ал заңды тұлғаның - мөрмен куәландырылып тігілген түрде ұсынады";

Материалдық құндылықтарды (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) шығару және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізуге қатысушылар үшін Нұсқаулыққа:

3 - т а р м а қ т ы ң :

2) тармақшасындағы "Агенттігімен" деген сөзі "Комитетімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті" сөздерімен ауыстырылсын;

10-тармақ келесі мағынадағы абзацпен толықтырылсын:

"Конкурстық өтінімді үміткер нөмірленген беттермен және соңғы беті оның қолымен, ал заңды тұлға - мөрмен куәландырылып, тігілген түрде ұсынады".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің әкімшілік жұмыс басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Төраға